БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ!

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 53 (9115) | 1953 жылғы 11 март Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын

Совет қоғамының жеңіспен алға басуын тоқтата алатын дүние жүзінде ешқандай күш жоқ, біздің ісіміз жеңілмейді. Қолдағы рульді берік ұстап, арандату әрекеттерінен де, қорқытудан да ешбір тайсалмай, өз жолымызбен алға басуымыз керек.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасайық!

Совет Одағының Коммунистік партиясы, еліміздің және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері орасан ауыр қазаға душар болды. Ленинніңсерігі және оның ісін данышпандықпен алға апарушы, Коммунистік партия мен совет халқының кемеңгер көсемі және ұстазы —Иосиф Виссарионович Сталиннің жүрегінің соғуы тоқтады.

Сталиннің мәңгі өшпес есімі Отанымыздың адамдарының және бүкіл прогрессіл адамзаттың жүректерінде мәңгі сақталады. Бұл есім жеңілмейтін Совет Одағының ұлылығын бейнелеп, халықтардың сәулетті болашағы жолындағы күреске шақырады.

Иосиф Виссарионович Сталиннің қаһарман еңбекке және ерлік істерге толы бүкіл даңқты өмірі жұмысшы табының ісі үшін, халықтардың бақыты үшін күреске арналды.

«Егер менің жұмысшы табын көтеру, бұл таптың социалистік мемлекетін нығайту жөніндегі әрбір қадамым жұмысшы табының хал-жайын оңдап нығайтуға бағытталмаған болса, мен өз өмірімді мақсатсыз өмір деп есептер едім» деді Сталин жолдас.

Ленинмен бірге Сталин жолдас коммунистердің қуатты партиясын құрды, оны еңбекшілерді азат ету жолындағы сұраныс ұрыстарда тәрбиелеп, шыныктырды, Ұлы Октябрь социалистік революциясының дем берушісі және көсемі, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің орнатушысы болды. Ленинніңмәңгі жасайтын ісін алға апара отырып, Сталин жолдас совет халқын ССРО-да социализмнің бүкіл дүниежүзілік -тарихи жеңісіне жеткізді. Сталин жолдастың дана басшылығымен, халқымыз өз Отанының намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды, Ұлы Отан соғысында бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңіске жетті, адамзатты фашистік құлдыққа түсірілуі хаупінен құтқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде Коммунистік партия, совет интеллигенттері, барлық еңбекшілері совет адамдарының үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін толық өтеуге партияның үнемі қамқорлық жасап отыратынын біледі. Олар қандайда болса агрессорға қыйрата тойтарыс беруге үнемі әзір тұру үшін, партияның Совет Армиясын, Соғыс-Теңіз Флотын және разведка органдарын мейлінше нығайтып отыратынын біледі. Олар Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Үкметінің сыртқы саясаты бейбітшілікті сақтап нығайтуды көздейтін бұлжымайтын саясат болғанын және болып отырғанын біледі. Пролетарлық интернационализм туына шын берілген Совет Одағының халықтары ұлы қытай халқымен, халықтық демократияның барлық елдерінің еңбекшілерімен туысқандық достықты, капиталистік және отар елдердің бейбітшілік, демократия және социализм үшін күресуші еңбекшілерімен достық байланыстарын нығайтып, дамытуда.

Бұл қайғылы күндерде еліміздің барлық халықтары, Ленин мен Сталин құрған және тәрбиелеп өсірген Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасуда.

Сталин жолдас тәрбиелеген оның серімді шәкірттері мен серіктері партиямыз бен үкметіміз жасап берген саясаттың біздің елдің ішкі істерінде болсын, халықаралық істерінде болсын ойдағыдай жүзеге асырылуын сөзсіз қамтамасыз ететіндігіне совет халқы қатты сенеді. Совет Одағының Коммунистік партиясы жеңіп келді, жеңуде және жеңе бермек, өйткені, ол еңбекшілердің қалың бұқарасымен тығыз байланысып, біте қайнасқан.

Партиямыздың күші мен қуатының басты шарты—оның қатарларының болаттай бірлігі және құрыштай берік топтасқандығы. Партияның бірлігін көздің қарашығындай сақтау, коммунистерді партияның саясаты мен қарарларын жүзеге асыру жолындағы белсенді саяси жұмыстарды

Иосиф Виссарионович Сталин

Сталин—еңбекші адамның досы

Мен жасым алпыстан асқан қарт жұмысшымын. Қырық жылдан артық өмірім өндірісте өтіп келеді. Ет жақын туыстарым мен достас адамдарымның да қайтыс болғанын көрдім. Балам өліп, бауыр етім күйгендей күндерім де болды. Бірақ, Совет елінің халықтарына ауыр қасірет болған ұлы Ленинніңөліміндей, еңбекші халықтардың сүйіктісі Сталиннің өліміндей маған орасан зор батқан ауыр қаза есімде жоқ, болған емес.

Кемеңгер көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың қайтыс болғаны туралы партия мен үкмет хабарын радиодан да естідім, газеттерден де оқыдым. Жоқ, Сталин жолдас өлді деген сөзге ыйланым келмейді, ол өлмейді. Біздің сүйіктіміз, досымыз, қамқоршы әкеміз, біздің данышпан көсеміміз Сталин—мәңгі жасайтын адам, оның есімі еңбекші халықтардың жүрегінен мәңгілік орын алып, шексіз сүйіспеншілікке бөленген.

Жұмыстан үйіме келіп, революциядан бұрынғы жартылай аштық халім мен қазіргі советтік бақытты тұрмысымды салыстырып байқадым. Айырмашылығы жер мен көктей. Октябрь революциясынан бұрынғы өмірімнен өзімді қуанткан ешбір қызық таба алмадым: ылғый бір жоқтық, жалаңаштық, зорлық, жәбір.

Менің, мен сияқты жүз миллиондаған совет адамдарының қуанышын көбейтіп, өмірін бақытты еткен Коммунистік партия мен Совет Үкметі, Ленин мен Сталин. Сондықтан, досымыз, ұстазымыз Сталин жолдас қайтыс болды дегенге ыйланғым келмейді. Комбинатқа келсем, комбинат маған 20—25 жыл бұрынғы комбинатқа ұқсамайды. Ол республиканың ең ірі көсіпорындарының бірі. Үлкен, кең, жарық. Барлық жұмысы механикаландырылған. Буларды көріп қуанам да Сталин жолдастың есіме түсіремін. Екімізден оның ней-

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне ССР Одағының Министрлер Советіне ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумына

Белоруссияның Коммунистік партиясы, белорус халқы Ленинніңсерігі және оның ісін данышпандықпен алға апаруышы, социалистік революцияның ұлы стратегі, Совет мемлекетінің басшысы, Коммунистік партия мен совет халқының кемеңгер көсемі және ұстазы —Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ мезгілсіз қайтыс болуына қатты қайғырады.

Ұлы СТАЛИННІҢ бүкіл өмірі мен қызметі Ленинніңқызметімен, Коммунистік партияның және Совет мемлекетінің тарихымен, халықаралық жұмысшы қозғалысымен және отар елдер халықтарының империалистік езушілікке қарсы ұлттық-азаттық күресімен, бүкіл прогрессіл адамзаттың ұзақ баянды бейбітшілік және халықтардың хауіпсіздігі жолындағы күресімен тығыз байланысты.

Ленинмен бірге СТАЛИН жолдас қуатты Коммунистік партияны құрды, тәрбиелеп өсірді, Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеп, ұйымдастырды, дүние жүзіндегі тұңғыш советтік мемлекетті орнатты.

Ленинніңмәңгі жасайтын ісін алға апара отырып, СТАЛИН жолдас совет халқын еліміздегі социализмнің дүниежүзілік -тарихи жеңісіне жеткізді. Заманымыздың ұлы қолбасшысы СТАЛИН жолдастың дана және сынған өткен басшылығымен қаһарман совет халқы Отанымыздың бостандығын, намысын мен тәуелсіздігін сақтап қалды, дүниежүзілік екінші соғыста фашизмді талқандап, жеңіске жетті.

СТАЛИН жолдас партияны және бүкіл халқымызды ССРО-да коммунизм орнату-

Өзінің барлық өмірін коммунизм ісіне жанаямай қызмет етуге жұмсаған СТАЛИН жолдастың қайтыс болуы Советтік Белоруссия жұмысшыларының, колхозшыларының, интеллигенттерінің, барлық еңбекшілерінің жүректеріне қатты қасірет болып тиді. СТАЛИН жолдастың мәңгі жасайтын есімі белорус халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Ленинмен бірге СТАЛИН жолдас Белорус Советтік мемлекетін орнатты, белорус халқына үнемі әкелік қамқорлық көрсетіп келді. Советтік халықтардың туысқандық семьясында белорус халқы саяси, шаруашылық және мәдениет саласында бұрын болып көрмеген дәрежеде гүлдеуге жетісті.

Ұлы Отанымыздың барлық халықтары сияқты, белорус халқы өзінің барлық табыстарына, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігіне Совет Одағының Коммунистік партиясының, мәңгі жасайтын СТАЛИННІҢ басшылығы арқасында жетті.

Белорус халқы өзінің туған әкесіне, ұстазы мен досына сөзсіз алғысын мәңгі сақтайды.

Ұлы СТАЛИННІҢ өсиеттеріне шын берілген белорус халқы халықтардың сталиндік достығын қасиетпен сақтайды, совет мемлекетінің қорғанысын тыңбастан нығайта береді, саяси қырағылықты барынша күшейте береді, өз қатарын Ленин —Сталин партиясының, СОКП Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне онан сайын тығыз топтастырады, өзінің барлық күші мен творчество-

Ұлы көсемнің туған жерінде

ГОРИ, 8 март. (СОТА). Мұнда кәзір халық тәберегіне айналған кішкентай үйде Иосиф Виссарионович Сталин туып, балалық шағын өткізді... Міне, енді қарамен көмкерілген қызыл жалаулар ілініп, қайғылы күйдің әуені естілуде... Халық қайғысы шексіз.

Жұрт тарихи үйге лек-лек болып үздіксіз ағылуда. Кеше бұл үйге Москвадан, Донбастан, Харьковтан, Ростовтан, еліміздің тағы басқа жақтарынан келген 8 мыңнан астам адам болды. Ұлы көсемнің бесігі тұрған шағын үйдің табалдырығынан жұрт ерекше сезіммен аттауда.

«Совет халқы мен бүкіл прогрессіл адамзаттың душар болған зор қазасының ауыр салмағын сөзбен айтып жеткізу қиын,—деп жазады Москва жұмысшысы Иван Икахомов. —Біздің барлық жеңістеріміздің жасаушысы, ұлы данышпанның сүйікті және қымбатты ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталиннің жүрегінің соғуы тоқтады. Бірақ, Сталиннің есімі мәңгі жасайды. Ол есім біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Сталин —бейбітшілік! Сталин —коммунизм жеңісі!»

«Саған, Сталин жолдас, сенің мәңгі өлмейтін идеяларыңнан айнымаймыз деп ант етеміз,—деп жазады Гори студенттері, —даңқты Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасамыз деп ант етемізі»...

Бүгін Гориде болған қаралы митингтерде Отанымыздың игілігіне бұрынғыдан да жаңқыярлықпен еңбек етуге, қырағылықты қажымай- талмай арттыруға, данялық сталиндік шұсқауларды және партияның XIX съезінің тарихи қарарларын мүлтіксіз жүзеге асыруға салтанатты ант берілді.

Горидегі мақта-мата комбинаты коллективінің қаралы митингісінде стахановка М. Сахвадзе сөйледі.

Партия, Сталин жолдас совет халқын еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіріп, онан әрі өркендету күресіне жұмылдырып, ұйымдастырды. Соғыстан кейін қысқа мерзімде совет адамдары соғыста бүлінген өнеркәсіпті, транспортты, ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, социалистік экономиканың барлық салаларының соғысқа дейінгі дәрежесінен едәуір артуын қамтамасыз етті.

Партиямыздың асқан ұлы күші —оның өзінің бүкіл жұмысында маркстік-ленриндік теорияны басшылыққа алып отыратындығында. Ленриндік мұраға сүйене отырып, марксизм- ленинизмді теория жағынан дамытып, байыта отырып, Сталин жолдас еліміздегі социалистік құрылыстың тәжрибесін қорытты, партияны және бүкіл халқымызды коммунизм жолындағы күрестің ұлы және айқын программасымен қаруландырды. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық шығармасының маркстік- ленриндік теория үшін, біздің бүкіл практикалық қызметіміз үшін баға жетпес маңызы бар. Коммунистік қоғам орнату туралы сталиндік ғылыммен, XIX съездің тарихи қарарларымен қаруланған біздің партиямыз халқымызды көздеген мақсатқа— коммунизм не сеніммен бастап келеді. Совет халқы өзінің туысқан Коммунистік партиясына толық сенім және жалынды сүйіспеншілік көрсетіп отырады, өйткені, халықтың мүддеперіне қызмет ету партияның бүкіл қызметінің ең жоғары заңы болып табылатындығына ол қатты сенеді.

Совет халқын елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдыру партияның барлық еңбекшілермен, жұмысшылармен, колхозшылармен, интеллигенциямен байланысын онан сайын нығайта беру,—міне, міндет осында. Коммунистерді және барлық еңбекшілерді жоғары саяси қырағылық рухында, ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте ымырасыз және табанды болу рухында тәрбиелеу, партия мәселесі.

Коммунистік партияның басшылығымен Совет Одағының халықтары коммунизмнің ұлы сәулетті ұлы сарайын сенімен тұрғызуда.

«Совет қоғамының жеңіспен алға басуын тоқтата алатын дүние жүзінде ешқандай күш жоқ, —деді партияның XIX съезінде Г. М. Маленков жолдас, — **біздің ісіміз жеңілмейді. Қолдағы рульді берік ұстап, арандату әрекеттерінен де, қорқытудан да ешбір тайсалмай, өз жолымызбен алға басуымыз керек».**

Біздің елімізде партиялық және мемлекеттік басшылықтың рулі сенімді қолда— Ұлы Сталиннің сенімді шәкірттері мен серіктерінің қолында. Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің, ССР Одағы Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Үндеуіне жауап ретінде, партия және Отанымыздың барлық еңбекшілері Орталық Комитет пен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасуда, өздерінің барлық күші мен творчестволық жігерін елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдыруда.

(«Правданың» 8 марттағы басмақаласы).

Жүрегімізде мәңгі сақталады

ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың ауыр науқастан кейін қайтыс болғанына арналған қаралы митингіге ССРО Электр өнеркәсібі Министрлігі заводының 400 ден астам жұмысшылары мен қызметшілері, инженерлері мен техниктері қатысты. Олардың жүздерінен ауыр қайғының зардабын тартқандықтары білініп тұр.

Митингіде бірінші сөз № 2 цехтың алдыңғы қатарлы бригадасының бригадирі Васильева жолдасқа берілді.

—Біз Сталинді қайғыра отырып,— деді ол, —Советтер Одағы Коммунистік партиясы мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да топтана түсеміз, қырағылығымызды мейлінше күшейтіп, еңбек өнімділігін есептеп арттырамыз. Бригада мүшелері бұл қаралы митингіге келместен бұрын өзара ақылдасып, күнделікті норманы екі есе орындап отыруға келісті. Біз Сталин ісінің табысты болуы үшін өнімді еңбек етіп, елімізде коммунизм орнату күресіне өз үлесімізді қосамыз.

Стахановшы слесарь Демин жолдас мінбеге шығып, былай деді:

—Сталин жолдас данышпандылығымен елімізді табыстан табысқа, жеңістен жеңіске жеткізіп, совет халқына бақытты өмір, шаттық тұрмыс әперді. Оның еңбекшілер алдында атқарған қызметін түгелдей айтуға сөзіміз жетпейді. Сондықтан да Сталиннің ісі мәңгі жасайды. Біз Коммунистік партияның басшылығымен көсем ісін алға апарамыз. Ол үшін еңбектің тамаша жетістіктеріне жетуге, елімізде коммунизм қоғамын орнату жолындағы күрестегі табысқа- табыс қосуға тиіспіз.

—Сталин совет жастарының оқып білім алуына,— деді комсомолка Боровая жолдас, —үлгісі әкелік қамқорлық жасап отырды. Оларды коммунистік рухта тәрбиелеп келді. Сондықтан да біз, жастар Сталинге үлкен борыштымыз. Ол борышымызды өндірісте өнімді еңбек етумен өтейміз.

Митингіге қатысушылар Совет Одағының Коммунистік партиясының төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түсетіндіктерін білдіріп, СОКП Орталық Комитетіне, ССРО Министрлер Советіне және ССРО Жоғарғы Советі Президиумына хат жолдады.

Сталин жолдастың жүрегінің соғуы тоқтады,—деді ол.—Бірақ, көсемнің есімімен оның ісі мәңгі жасайды. Оған партияның Сталиндік Орталық Комитетінің, Совет Одағының Министрлер Советінің, Ленин комсомолының Орталық Комитетінің, барлық еңбекшілердің ыстық ризашылығы, шексіз алғыстары, ыстық сезімдері, ерлік істері, ізгі ниеттері, ізгі тілектері, ізгі ниеті, ізгі ниеті, ізгі ниеті

ПАРТИЯ ТАҚЫРЫБЫНА

Колхоз бастауыш партия ұйымы

И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі партияның XIX съезінің қарарлары партияны және бүкіл совет халқын коммунистік құрылыстың ұлы программасымен қаруландырды. Съезд бұл программаны жүзеге асыру, демек, халық шаруашылығының барлық саласын алдатұрған міндеттер дәрежесіне сай өркендете беру, бұл іске еңбекшілер бұқарасын бұрынғыдан да белсендіре жұмылдыру міндетін алдымен партия ұйымдарының алдына қойды.

Жергілікті партия ұйымдары съездің қарарларын, кеменгер көсемімізі Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық шығармасын және көсемнің съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін еңбекшілер бұқарасына жете түсіндіре отырып, сталиндік бесінші бесжылдықтың жоспарын мүлтіксіз орындап шығу күресіне еңбекшілерді жұмылдыруда едәуір жұмыс істеді. Қазір ұлан-байтақ еліміздің еңбекшілері еліміздегі коммунизм орнатудың сталиндік ұлы программасын жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Партия органдары —саяси басшылық ету органдары. Партия комитеттері совет, шаруашылық және қоғам ұйымдарының жұмысын біріктіріп, оларға басшылық етіп, бағыт беріп отырады, олардың жұмысын бақылап, істегі кемшіліктерін жоюға көмектеседі. Шаруашылық органдарға партиялық басшылықтың әдісі, деп көрсетеді Сталин жолдас, осы органдарға үнемі көмектесіп, оларды нығайтуда, шаруашылыққа осы органдардан тыс басшылық етпей, қайта солар арқылы басшылық етуде. Мұның өзі — партия органдары біржақтылыққа салынып, шаруашылық мәселелермен ғана шұғылданбауы, немесе совет, шаруашылық органдары үшін жұмыс істеп, олардың праволарына қолсұқпауы, қайта солар арқылы жұмыс істеуі керек деген сөз.

"Бастауыш партия ұйымы —партияның негізі. Партия мен үкметіміздің саясатын еңбекшілерге жеткізуде және олардың қаулы-қарарлары мен директиваларын жүзеге асыруда бастауыш партия ұйымдары шешуші роль атқарады. Бастауыш партия ұйымдары жұмысшы, шаруа және интеллигенция бұқарасын партияның басшы органдарымен байланыстырып отырады. Сөйтіп, партияның қалың бұқарамен байланысын нығайтады. Біздің партияның күштілігі сонда: оның бұқарамен байланысты болуында, оның нағыз халықтық партия екендігінде, оның саясаты халықтың мүддаларына сай келе[illegible]

тердің көпшілігі колхоз өндірісінде, егін және мал шаруашылығында, құрылыс саласында тікелей жұмыс істейді. Барлық коммунистер үгітшілік міндет атқарады. Олар партия мен үкметіміздің қаулы-қарарларын колхозшыларға көзінде жеткізіп, түсіндіріп отырады. Колхозшыларды сол қаулы-қарарларды орындауға жұмылдырады.

Советтік қоғамның қозғаушы күші—сын мен өзара сын болса, бұл партия ұйымында сын мен өзара сын кең өрістетіліп, партия ұйымының және колхоз басқармасының жұмысындағы кемшіліктер батыл сыналады. Партия ұйымы коммунистерді кемшіліктерге, қателіктерге төзбеушілік рухында тәрбиелеп келеді. Сөйтіп, партия ұйымы қол жеткен табысқа масаттану, көңілсіз жайбарақаттыққа салыну сияқты фактілерге қарсы батыл күрес жүргізуде. Осының барлығы колхоз коммунистерінің саяси, өндірістік белсенділігін арттырып, партия ұйымының партияда жоқ колхозшылар арасында ықпалын күшейтіп келеді.

«Луч Ленина» колхозы шаруашылығы жан-жақты өскен миллионер колхоз. Колхоздың миллионер болу дәрежесіне дейін өсуіне партия ұйымының, коммунистердің қосқан үлесі зор. Бұл іске партия ұйымы жетекші, ұйымдастырушы күш бола білді.

Мал шаруашылығын өркендету ауыл шаруашылығындағы негізгі міндеттің бірінен саналады. «Мал шаруашылығын өркендетудегі негізгі міндет, —деді Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасаған есепті баяндамасында, — бұдан былай да колхоздар мен совхоздардың қоғамдық малының санын көбейту, сонымен бірге оның өнімін мықтап арттыру болып қала береді. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін ең алдымен барлық колхоздар мен совхоздарда тұрақты жемшөп базасын жасау қажет, малды жақсы қоралармен қамтамасыз ету қажет. Сол сияқты, мал шаруашылығындағы жұмыстарды кеңінен механикаландыру қажет. Мал шаруашылығын өнімі мол, товарды мол беретін және тәбысты шаруашылық етіп өркендету қажет».

Бесжылдық жоспар бойынша колхоздарда қоғамдық сиырмалы санын 36—38 процент, қой санын — 75-80 процент, шошқа санын —85—90 процент, жылқы санын —14—16 процент, үй құстарының санын —3—3,5 есе көбейту көзделген. Бұл маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін колхоз партия ұйымдарының ұйымдастырушылық қабілетін арттыра берудің аса зор маңызы бар екендігі айтпай-ақ түсінікті.

[illegible] базасын жасау күресі

темгі егіске күнілгері тыңғылықты әзірлене білген колхоздарда егістің агротехникалық қолайлы мерзімде аяқталатыны, соның негізінде егіннен жылма-жыл мол өнім алып келе жатқаны тәжрибеден айқын көрініп жүр. Дегенмен, облыстың жеткілікті колхоздарында еңбек ұйымдастыру ісінде елеулі кемшіліктердің болуы салдарынан мал қыстату өте төмен дәрежеде өткізілін келеді. Оларда мал азығын әзірлеп, ұнтап, буландырып, жылытып берудің барысы нашар. Мал азығы үнемделмей, ысырап етіледі. Ол-ол ма, көп колхоздарда мал азығы жеткіліксіз. Мұндай жағдай Конюхов, Булаев, Мамлют, Петропавл аудандарының колхоздарынан жиі кездеседі.

Аталған аудандарда көктемгі егіске әзірлік те өте сылбыр ұйымдастырылып келеді. Бірақ, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары бұл кемшіліктерді жою жөнінде әлі мардымды ешбір шара қолданған жоқ.

Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру міндетін мінсіз жүзеге асыру ісінде машина-трактор станциялары зор роль атқарады. Машина-трактор станциялары колхоздардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаланды руға, егін және мал шаруашылығында ғылыми жаңа техниканы толық қуатымен пайдалануға жетісуге тиіс.

Машина -трактор станциялары 1953 жылға колхозбен договор жасау жұмысын көзір аяқтады. Колхоз партия ұйымдары бұл договордың мінсіз орындалуына жетісе отырып, шаруашылық, маусымдық жұмыстардың деркезінде және жоғары сапалы өткізілуін қамтамасыз етулері керек. Колхоздарда егін және мал шаруашылығының жаңа талапқа сай өркендетілуі бір жағынан договордың әрбір пунктінің толық орындалуына байланысты. Мұны ешқашан ұмытуға болмайды.

Колхоз партия ұйымы тек шаруашылық міндеттермен ғана шұғылданбауға тиіс. Партия ұйымдары колхозшылар арасында саяси-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, еңбекшілердің қалың бұқарасына партияның XIX съезінің қарарларын, Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегін, ұлы көсемнің съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін, бесінші бесжылдықтың міндеттерін жете түсіндірулері керек.

Облыстың көп колхозларындағы бастауыш партия ұйымдары бұл міндетті ойдағыдай орындап келеді. Мәселен, Октябрь ауданындағы «Щит» колхозының, Соколов ауданындағы Калинин атындағы колхоз-

Мал қыстатуды үлгілі аяқтау—басты міндет

Әрбір фермада мал күйлі өсірілсін

(Тілші хаттарына шолу)

Бесінші бесжылдықтың үшінші жылында мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру міндетін мінсіз жүзеге асыру жолында облыс колхоздарының алдыңғы қатарлы мал өсірушілері жаңқыярлықпен еңбек етіп жатыр. Бұл күндері олар еңбек өнімділігін күн сайын арттырып, мал күтімінің сапасын жақсартуда. Бұл жөнінде енді ауыл-село тілшілеріне сөз берейік.

Тілшілер Қ. Қалитов, Т. Көкімов, Қ. Дәулетбаев жолдастар өздерінің редакцияға жазған хаттарында Ленин ауданындағы «Еңбек», «Қазақстанның 30 жылдығы» және Калинин атындағы колхоздардың озат мал өсірушілерінің мал қыстатудағы өнегелі ісін баяндайды.

«Еңбек» колхозының, деп жазады тілші Қ. Қалитов жолдас,— Қ. Молдағалиев, Қ. Оспанов жолдастар сияқты үлгілі мал өсірушілері қарамағындағы малды мезгілінде жайлап азықтандырады. Олар малды бағып күтуде зоотехникалық ережелерді мұқият қолданып отырады.

Осы сияқты, тілшілер В. Скибский, С. Құрмашев, А. Садықов, Т. Есенбаев жолдастардың хабарынан Преснов ауданындағы «Сталин жолы», Жамбыл, Аманкелді атындағы колхоздардың таңдаулы мал өсірушілері де мал қыстатуды табысты өткізіп келе жатқандығын көреміз.

Осымен қатар Приишім ауданынан тілшілер Қ. Омаров, Е. Үсейінов Б. Қожақметов жолдастар да «Қызыл-жұлдыз», «Талапкер» ауылшаруашылық артельдерінің озат фермаларында малдың қысқы күтімі тығыңлықты ұйымдастырылып, оның қоңды өсіріліп отырғандығын хабарлайды.

Ауыл-село тілшілері М. Қабенов, М. Тасмағанбетов, Ж. Ілиясов, Б. Нұрмағанбетов, Қ. Нәкешов жолдастар Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» «Интернационал», Жамбыл, атындағы колхоздардың алдыңғы қатарлы мал өсірушілері арасында қоғамдық мал басын көбейту оның өнімін арттыру жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алуда деп жазады. Аталған тілшілердің хабарына қарағанда, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында шопан Ө. Әбілмәжінов, Жамбыл атындағы колхозда шопан С. Туытов, жылқышы қарт Р. Мусин, «Интернационал» колхозында бақташы Қ. Жумин жолдастар мал қыстатуда қажырлы еңбек етіп жүр. Бұл колхозшылар малды жақсы күтімге алып, шығынсыз өсіріп отыр.

Осы ауданның Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінен тілшілер Ш. Мырзахметов, Т. Жуминов жолдастар да колхозшылардың мал қыстатудағы үлгілі істері туралы жазады.

—Жылқышы Б. Балтабаев жолдастың, —деп жазады тілші А. Ғабдуллин жолдас, —«Колос» ауылшаруашылық артелінде (Совет ауданы) мал шаруашылығы саласында жұмыс істегеніне биыл 8 жыл. Осы мерзім ішінде оның алдынан бірде-бір мал басы шығынға ұшыраған емес. Ол әсресе, аналық малды және төлді күйлі өсіреді. Былтыр 40 биеден 40 құлын алып, оларды түгел үйірге қосты. Сөйтіп жылқы өсірудің жылдық жоспарын артығымен орындауға жетісті. Оның жылқы өсіру жоспарын орындағаны тек былтыр ғана емес, ол жылқы өсіру жоспарын жылма-жыл орындап жүр. Қазір оның алдында 150-ге тарта жылқы бар. Бұлардың бәрі тебінде аман өсіріліп келеді.

Тілшілер озаттардың үлгілі істерімен бірге мал қыстатуда орын алып отырған кемшіліктерді сынап та жазады.

Мәселен, тілшілер Г. Жаукенов, Б. Елеусізов жолдастар Октябрь ауданындағы «Қызыл-ту», Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхоздарында малды қолда бағып күту ісінің өз дәрежесінде жүргізілмей отырғандығын, оларда фермалардың тәжрибелі мал өсірушілермен толықтырылмағандығын, басқарма мүшелері мен ферма меңгерушілерінің жеткілікті басшылық жасай алмай келе жатқандығын хабарлайды.

Әрбір фермада жемшөпті ұқыпты жұмсап, малды мезгілінде және дұрыс азықтандырып, қыстан аман алып шығуға колхоз басшылары, әсресе, ферма меңгерушілері барлық мүмкіншілікті жұмылдыра білуге тиіс. Қоғамдық мал басын, бір мезгілде оның өнімділігін арттыра отырып, өркендету міндеті көзір, міне, осыны талап етеді.

Бұзауды салқын жерде күтудің шебері

Полудень ауданында Лукерья Восипенок [illegible]

Лукерья бұзау күтудің жаңа әдісін қолданғанда малдәрігерлері мен зоотехниктер-

МОНГОЛ ХАЛЫҚ- РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

УЛАН-БАТОР, 6 март. (СОТА). Монгол Халық- Революциялық партиясы Орталық Комитетінің кезекті пленумы аяқталды. Пленум Монгол Халық Республикасының бірінші бесжылдық жоспарының қорытындысы туралы Монгол Халық- Революциялық партиясы Орталық Комитетінің секретары Дамбаның және арат өндірістік бірлестіктерін ұйымдық- шаруашылық жағынан нығайту туралы Монгол Халық- Революциялық партиясы Орталық Комитетінің Саяси бюросының мүшесі Сурунжабаның баяндамасын талқылады. Талқыланған мәселелер бойынша кеңейтілген қарарлар қабылданды.

Монгол Халық- Революциялық партиясының Орталық Комитетінің пленумында ұйымдастыру мәселелер қаралды. Пленум Орталық Комитеттің саяси бюросының мүшелігіне кандидат Ширендыбаны Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі және Орталық Комитеттің насихат және үгіт жөніндегі секретары Сосорбармуды Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесіне кандидат етіп сайлады. Орталық Комитеттің пленумы Дугурсурунды Монгол Халық- Революциялық партиясы Орталық Комитетінің өнеркәсіп, транспорт және сауда мәселелері жөніндегі секретары етіп бекітті.

Негізгі мәселелермен байланысты жұмысы көп болғандықтан пленум Монгол Халық- Революциялық партиясы Орталық Комитетінің Саяси бюросының мүшесі Сурунжабаны партия бақылау Комиссиясының председательдік қызметінен босатты.

Пленум Монгол Халық- Революциялық партиясы Орталық Комитетінің ұйымдастыру құрылысына және Монгол Халық Революциялық партиясының аймақтық комитеттерінің құрылысына өзгерістер енгізді.

———

АМЕРИКАН АГРЕССОРЛАРЫ КОРЕЯДА СНАРЯДТАРДЫ ҰЛЫ ГАЗДАРМЕН БІРГЕ ҚОЛДАНУДА

ПЕКИН, 7 март. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің 6 март күні корей майданынан берген хабарында былай делінген:

Январьда және февральда американ агрессорлары бірнеше рет корей және қытай бөлімдерін ұлы газдармен оқталған снарядтармен атқылауда болды.

Чхолвоньнің солтүстік- батысына таман 205 биігін алуға әрекеттену кезінде бірнеше рет жеңіліске ұшырап, душпан халық әскерлерінің алып тұрған шебін ұлы газдармен оқталған снарядтармен екі дүркін атқылады; сөйтіп, халықаралық правоны бұзды. 31 январьда күндізгі сағат 4-те зеңбіректерден күшті оқ жаудырғаннан кейін душпан халық әскерлерінің шептері

Колхоз партия ұйымдарының алдында орасан зор міндеттер тұр. Ол міндеттерді партияның XIX съезі атап көрсетті. Колхоз партия ұйымдары социалистік ауыл шаруашылығын алып адыммен өркендетуде, мал шаруашылығын мейлінше өркендетіп, мал шаруашылығының өнімділігін, өнімнің шығымдылығын бұрынғыдан да арттыруда ұйымдастырушы күш болуға тиіс. Колхоз дәулетінің молая түсуі оның ұйымдық жағынан нығаюына, қоғамдық шаруашылықтың өркендеп, өсуіне байланысты. Сондықтан колхоз партия ұйымы осы мәселеге ерекше назар ауарып, мемлекеттік тапсырмалардың деркезінде орындалуын ұйымдастыра білуі керек.

Колхоз шаруашылығына партия басшылығын жақсартудың, атап айтқанда, партия ұйымының ықпалын күшейтудің, оның ұйымдастырушылық ролін арттырудың алуан түрлі жолдары бар. Солардың бірі —шаруашылықтың әр саласынағы коммунистерді ұйымдастыру және үгіт-бұқаралық жұмыстарына дұрыс пайдалана білін, олардың авангардтық ролін күшейту, олардың ұйымдастырушылық қабілеті, үгіт жұмысын жүргізе білуі арқылы алдыңғы қатарда болуына жетісумен бірге өндірістік жұмыста да алда болуына, үлгі көрсетуіне жетісу керек. Сонда ғана коммунист жетекші бола алады, оның колхозшылар арасында беделі артады, сөйтіп, ол зор сенімге ие болады.

Петропавл ауданының «Луч Ленина» колхозындағы бастауыш партия ұйымының (секретары Слепченко жолдас) есебінде 20-дан астам коммунист тұрады. Бұлар колхоз өндірісінде қажырлылықпен жұмыс істеп, колхозшылар арасында айтарлықтай беделге ие болып отыр. Мұнда коммунис-

—мал шаруашылығындағы ең күрделі жұмыстардың бірі. Демек, тұрақты жемшөп базасын жасамайынша мал шаруашылығын ойдағыдай алға бастыру мүмкін емес. Алайда, облыстың көп колхоздарында шөп танапты ауыспалы егіске көшу, көпжылдық және біржылдық шөптер, сұрленетін дақылдар, тамыр жемісті дақылдар өсіру мәселесіне жете назар аударылмай келеді. Мұндай жағдай бірқатар колхоздарда қоғамдық малдың құнарлы азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеуіне әкеп соғып отыр.

Бұл саладағы кемшіліктердің бірі мынау: бізде ауыспалы егіске көшу ісін басқару, оны ұйымдастыру тек агрономдардың ғана міндеті деп ұғынушылық фактілері жойылмай келеді. Шын мәнісінде бұл жұмысқа агрономдармен бірге барлық колхозшылар белсене қатысулары керек. Ал, колхозшыларды бұл іске жұмылдыру партия ұйымдарының міндеті. Ауыспалы егіс тәртібін ойдағыдай игеру үшін колхозшыларға көмектесу, олардың арасында ауыспалы егіс жөніндегі озат агротехниканы және озат колхоздар мен колхозшылардың тәжрибесін пасихаттау, бұл тақырыпқа байланысты әңгіме өткізу, баяндама жасау, лекция оқу жұмыстарын ұйымдастыру партия ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі. Партия ұйымдары мұндай әңгімені өткізуге, баяндаманы жасауға, лекцияны оқуға білім дәрежесі жеткілікті, тәжрибесі бар агрономдар мен зоотехниктерді тартуға тиіс.

Кәзір колхоздарда қысқы жұмыстардың жауапты кезеңі өткізілуде. Біріншіжағынан, мал қыстатуды, тел алуды үлгілі өткізу керек болса, екіншіжағынан көктемгі егіске тығылықты әзірлену керек. Көк-

дың бастауыш партия ұйымдары өздерінің жұмысын жаңа міндеттер дәрежесіне сай құра білмеген. Бұл ұйымдар колхозшылар арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарымен қатар шаруашылық жұмыстарға да ерекше көңіл бөліп отырады. Олар үгіт-бұқаралық жұмысты колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттерімен ұштастыра жүргізеді.

Коммунистік партия колхозлардың шаруашылығы мен мәдениетін бұдан да жоғары дәрежеде өркендете беруді, колхоздарды ірі шаруашылыққа айналдыра отырып, олар да егін шаруашылығымен мал шаруашылығының мәдениетін мейлінше көтеріп, бұл шаруашылықтардың өнімділігін еселеп арттыра беруді талап етіп отыр. Колхоз партия ұйымдарының барлық саяси-тәрбие, үгіт-бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстары осы міндеттерді мінсіз орындауға бағындыруға тиіс.

Совет халқының түпкі мақсаты —елімізде коммунизм орнату. Ал, бұл мақсатқа жету жолында жұмысшылар мен колхозшылар және интеллигенттер білімін де, күшін де аямай жұмсап, еңбек етуде. Бұл совет халқының өз Отанына, Ленин — Сталин партиясына, бізді жеңістен-жеңіске бастап келген даныпшан көсеміміз И. В. Сталин жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілігін сыйпаттайды. Колхоз партия ұйымдары колхозшылардың творчестволық инициативасын, олардың еңбекке деген ынта-жігерін үнемі қолдап отырулары керек. Сөйтіп, колхоз партия ұйымдары өздерінің ұйымдастырушылық ролін партиямыздың бүгінгі талабына сай атқара білулері керек.

У. ҚАПАРОВ.

-текке таралған жоқ. Ол бұл атаққа өзінің адал еңбегімен, еңбек сүйгіштігімен ие болды.

Лукерья Восипенок «Парижская коммуна» колхозында жүздеген бұзауларды күтіп, шығынсыз өсірді. Осы арқылы колхоздың қоғамдық мал шаруашылығының өркендей түсуіне өзінің келелі үлесін қосып, колхозшылардың қадірлісі болып алды. Колхоздағы сауын сыйырлардың, жұмыс малдарының барлығы да Лукерьяның күткен бұзауларынан өскен.

Лукерья 20 жылдай осы колхоздың бұзау күтушісі болып жұмыс істейді. Ол жыма-жыл бұзау күтудің жаңа әдістерін үйреніп, оны толық пайдалануда. Бұзауларды шығынсыз өсіру үшін, дейді ол, малдәрігерлік- зоотехникалық ережелерді мұқыят қолдана білу керек. Сонда ғана табыстан табысқа жететінін сөзсіз.

Восипенок жолдаска аудандық ауылшаруашылық бөлімінің зоотехнигі елімізде жас бұзауларды салқын үйлерде күту әдісі қолданыла бастағанын, бұдан бұзаулардың суыққа төзімді болып өсетіндігін айтты. Лукерья зоотехниктің бұл ұсынысына назар аударып, жас бұзауларды салқын үйлерде күту әдісін қолдана бастады.

Зоотехниктің айтқаны тиімді әдістердің бірі екенін Лукерья өзінің іс-тәжрибелерінен айқын көрді. Ол жас бұзауларды әт жағылмайтын үйлерде бағу—қолдердің салқынға төзімді болып өсетініне, түрлі суық тиетін аурулармен ауырмауына жағдай туғызатындығын анықтады.

дің айтқаны бұлжытпай орындап, бұл жөніндегі кітапшаларды оқып отырды. Мұның барлығы бұзауларды жаңа әдіспен күту шарттарының мүлтіксіз жүзеге асырылуына мүмкіндік берді.

Лукерьяның ұсынысы бойынша колхозда бұзауларды салқын жерде күту әдісі кеңінен қолданыла бастады. Бұл—колхозда бұзаулардың түрлі ішеттерге ұшырау қаупін жойып, төлдің күнделікті өсу салмағын арттыруға мүмкіндік туғызды.

Жастайынан жақсы күтімде болған төлден өскен сыйырлар кәзір өнімді екі есе артық беретін болды.

Лукерья —ауданда караваевшы жаңашылдардың бастамасын алғаш рет қолданған, өзінің бұл жөніндегі іс тәжрибесін аудан мал өсірушілеріне кеңінен таратып келе жатқан үлгілі бұзау күтуші.

«Парижская коммуна» колхозының колхозшылары Лукерья Восипенок жолдасты еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің депутаттығына кандидаттыққа ұсынып, оны бірауыздан сайлады.

Лукерьяның мал өсіруде бұдан былайғы жерде де жаңа табыстарға жете беретіндігіне, колхозшылардың көрсетіп отырған зор сенімін мінсіз ақтайтындығына осы колхоздың колхозшылары, аудан еңбекшілері сенеді. Өйткені, Лукерья 20 жылдай бұзау күтуде табыстан табысқа жетіп келе жатқан колхозшы.

Б. ЖӘКЕНОВ,

Полудень ауданы, «Парижская коммуна» колхозы.

рядтар жіберді. 5 февральда жаудың артиллериясы тұншықтырғыш және ұландырғыш газдармен оқталған 3 снаряд жіберді. Снарядтардың жарылған жерлерінде түсін айыруға қыйын ақ кішкене бұлттар пайда болды.

Санньонның оңтүстік жағындағы басқа бір секторде 4 февраль күні күндізгі сағат 3-те душпан ұландырғыш газдармен оқталған снарядтар шығарды. Жарылған снарядтың орнында сарғылт- көк кішкене бұлтша пайда болды. 18 февральда Ионьчхоньның оңтүстік- батысындағы халы әскерлерінің шептеріне душпан үш снаряд жіберді. Снарядтар жарылғаннан кейін ащы иісі бар улы газ бөлініп шықты.

ГВАТЕМАЛА ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

НЬЮ- ЙОРК, 7 март. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Гватемала қаласынан берген хабарына қарағанда. Гватемала президенті Арбене Американың «Юнайтед Фрут компани» компаниясы немденіп отырған 300 мың акр жер тораптарын жерсіз шаруаларға бөліп беру үшін тартып алынған жер жөніндегі американ компаниясының ақырғы шағымын қабылдамай тастады.

Үкмет өкілдері президенттің қарарына жаңадан ешқандай шағым берілмегеннен кейін өздерінің осы жерлерді бөліп беруге кірісетіндігін атап көрсеткен.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Облыстық комсомол комитетінің II пленумы

Жақында ҚЛКЖО облыстық комитетінің II пленумы болып өтті. Пленумда «облыс комсомол ұйымының жастарды социалистік еңбек тәртібін сақтау рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмыстары туралы», «жұмысшы және село жастары кешкі мектептерінің жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» мәселелер қаралды. ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретарьлары Воинков және Малахова жолдастар бұл мәселелер бойынша баяндама жасады. Жасалған баяндамалар бойынша қызу жаршысөз болды.

— Қалалық комсомол комитеті жастарды өндіріске белсендіріп қатыстыруда бірқатар жұмыстар істеумен бірге, —деді қалалық комсомол комитетінің секретары Шәкіров жолдас, —әлі де болса комсомол ұйымдарына бастылық жасауда елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді.

Кәзір қалалық комсомол комитеті бұл кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруда.

ҚКЛЖО Булаев аудандық комитетінің секретары Еременко жолдас ауданның әрбір колхозында, совхозында мал азығын тасыйтын, мал азығының дұрыс жұмсалуын байқайтын жастар бригадалары ұйымдастырылғанын айта келіп, аудандық комсомол комитетінің бастауыш комсомол ұйымдарына басшылығындағы кемшіліктерді мойындады. Бірақ, Еременко жолдас аудандық комсомол комитетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жою жөнінде нендей жұмыстар істеліп жатқандығы туралы ешнәрсе айтқан жоқ.

Екінші мәселе бойынша барлығы 11 адам жаршысөзге шығып сөйледі.

— Аудан орталығындағы кешкі мектептерде, —деді Полудень ауданық комсомол комитетінің секретары Шушпанова жолдас, —быйыл 9-шы класс ашылуға тиіс еді. Ал, аудандық оқу бөліміндегілер 9-шы класты ашу түгіл, «қаражат жоқ» деген желеумен 8-ші класты жауып тастады. Бұл жөнінде облыстық комсомол комитетіне де кезінде хабарланды. Бірақ, ешбір көмек болмады. Жергілікті жердегі кейбір басшылар жастардың оқуына мүлдем көңіл бөлмейді. Ал, Полудень МТС-нің директоры Кравцун жолдас механизатор жастардың кешкі мектепте оқуына тыйым салған.

Соколов аудандық комсомол комитетінің секретары Мельник жолдас кешкі мектептер оқулықтармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмегендігін, ал, бұл іске аудандық оқу бөліміндегілер көңіл бөлмей келгендіктерін әділ сынады.

Пленумға қатысқан ҚКП облыстың комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі Попов жолдас сөз сөйледі.

Пленумда қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

Мал өсірушілердің табысы

Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Совет ауданы) мал шаруашылығы саласында малды қолда бағып күту ісін жете білетін, іскерлік қабілеті мол кәптеген тәжрибелі мал өсірушілер жұмыс істейді. Бұлардың қатарында жылқышы Д. Алин жолдас та бар. Алин жолдас тек өткен жылдың өзінде ғана қарамағындағы 31 биеден 31 құлын алып, оны түгелдей үйірге қосты. Бұл —ол үшін табыс шегі өмес. Оның мақсаты —қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, алдағы уақытта бұдан да зор табыстарға жетісе беру. Сондықтан да ол келер жылы 40 биеден 40 құлын өсіруге міндеттенін отыр.

Бұзау күтуші Е. Руда жолдас та мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жолындағы күресте үнемі алда келе жатқандардың бірі. Өткен жылы Е. Руда жолдаска 51 бұзауды бағып, өсіру міндеті жүктелді. Озат бұзау күтуші бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырды. Бұзаулардың барлығын шығынға ұшыратпай күйлі өсірді. Ол быйыл да осы сыяқты табысқа жету жолында қажырлы еңбек етуде. Ферма сауын сыйырларынан быйылғы алынған 24 бұзауды Е. Руда жолдас күтеді. Ол бұл бұзауларды алғашқы күннен бастап тыңғылықты күтімге алды. Бұзауларға деп дайындалған жем, құнарлы жемшөп жеткілікті. Жақсы күтімнің нәтижесінде оның қарамағындағы бұзаулардың орта тәуліктік салмағы 500—550 грамға дейін артып жүр.

Жұмыстың бұл саласында сауышы Е. Близнюк жолдас та бірқатар табыстарға ие болды. Ол өткен жылы қарамағындағы 13 сыйырдан 13 бұзау өсірді. Сонымен бірге әр сауын сыйырдан 1423 литр сүт алуға жетісті. Сауышы кәзір де сыйырдан сүтті көп алып жүр.

Колхоз малшылары табысқа масаттанбайды. Олардың көздеген нысанасы келешекте бұдан да жоғары көрсеткіштерге жетісу. Демек, малдың санын көбейтіп, өнімділігін арттыру.

Қ. ӘБДІХАЛЫҚОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «МАКСИМКА»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын «ЖАУЫНГЕР ДОСТАР»

Сеанстар сағат 4-6-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында «МАКСИМКА» деген жаңа көркемсуретті түсті кинофильм көрсете бастады.

Киевтің көркемсуретті фильмдер киностудиясы жасап шығарған.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫК ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат —1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе —1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00516

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 баспаханасы, Ленин көшесі, № 21-үй.